

**N E W S**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 83 – 89

**M. O. Nassimov**

University «Bolashak», Kyzylorda, Kazakhstan  
E-mail: [nasimov\\_m@mail.ru](mailto:nasimov_m@mail.ru)

**POLITICAL MARKETING: ESSENCE AND BASIC PRINCIPLES**

**Abstract.** The political life of the modern world is characterized by rapid development and wide application of political technologies raised the question of the conceptual understanding of such processes. Everyone knows the political activity is becoming increasingly similar to business. Political life involves the use of modern management, marketing, advertising, information technology, not only in election campaigns, and also to promote public policies.

Marketing problems, its essence, the basic functions and target systems are beginning to be studied from the beginning of the XX century due to the increasing need to study the market supply and distribution of goods and services, conditions of realization of production programs, advertising productions. The article examines the political marketing as a specific communication process, characterized by the solution of problems and the subsequent approval of the effective functioning of democratic forms of government and methods of the study and implementation of the political condition of the market, the political mood of consumers, the degree of their readiness to support the public policy agenda.

The object of research is political marketing. The subject of the study are the essence and the basic principles of political marketing. The aim of the article is to reveal the concept and essence of political marketing and description of the main principles. The author gives some guidance on this issue.

**Key words:** basic principles of political marketing, political market, political product, political image, political technologies.

ӘӨЖ 32.019.52

**M. О. Насимов**

«Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан,

**САЯСИ МАРКЕТИНГ: МӘНІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**Аннотация.** Қазіргі заманғы саяси өмірде саяси технологиялардың жылдам дамуы және кеңінен қолданылуы аталмыш үдерістердің мәнін түсіну туралы мәселені қойып отыр. Баршамызға мәлім, саяси қызметтің кәсіпкерлікке ұқсастығы байқалып келе жатыр. Заманауи саяси өмір басқарушылық, маркетингтік, жарнамалық, ақпараттық технологияларды сайлау науқандарынан бөлек, мемлекеттік саясатты ілгері жылжытуда колдануды талап етіп отыр.

ХХ ғасырдың басында нарықты, тауарлар мен қызмет түрлерінің сұранысы мен өтімін зерттеу, өндірістік бағдарламаларды жүзеге асыру, жарнама шарттарын карқынды зерттеулер жүргізу қажеттіліктеріне байланысты маркетинг мәселеісі, оның мәні, негізгі қызметтері зерттеле бастады. Макалада саяси маркетинг басқарудың демократиялық түрінің міндеттерін шешу және тиімді қызметтің сипаттамасы, саяси нарық шарттарын зерттеу және жүзеге асыру әдістері, саяси тұтынушылар көніл-қүйі, мемлекеттік саясат бағдарламаларын колдауға дайындығы деңгейі ерекше байланыс үрдісі ретінде қарастырылады.

Зерттеу нысаны – саяси маркетинг болып табылады. Зерттеу пәніне саяси маркетингтің мәні мен негізгі қағидалары жатады. Зерттеу мақсаты – саяси маркетингтің түсінігі мен мәнін ашу және негізгі қағидаларына сипаттама беру болып табылады. Автор берілген мәселелеге байланысты кейбір ұсыныстарын береді.

**Тірек сөздер:** саяси маркетингтың негізгі қағидалары, саяси нарық, саяси тауар, саяси имидж, саяси технологиялар.

**Кіріспе.** Заманауи саяси үдерістер жүретін ортада саяси нарық пен аланның бар екендігі ақиқат. Тек экономикада ғана емес, қоғамдық өмірдің түрлі саласында менеджменттің ерекше

қызметін атқаратын маркетинг құралдарын пайдаланудың маңыздылығы жоғары. Бүгінде маркетинг салалары кеңейіп, әлеуметтік, мәдени, білім беру, діни, идеялар маркетингі секілді т.б. ұғымдар ғылыми терминологияға енуде. Саяси маркетинг нарықтық механизмдерге тез бейімделетін, қоғамдық пікірді анықтауда рөлі зор маркетинг жүйесінің құрамдас бөлігі.

Қоғамдық өмірдің саяси басқару саласында маркетинг механизмдерін пайдалану қажетті жетістіктерге әкеледі. Саяси басқарудағы қоғамдық пікірді пайдалану үрдісі саяси маркетинг мүмкіндіктерін тиімді қолданумен байланысты. Соңдықтан мемлекеттік органдар, үкіметтік емес және қоғамдық ұғымдар, партиялар саяси бәсекелестік орнаған қымылдар жүргізу барысында саяси маркетинг қағидаларын қатаң ұстануы қажет. Себебі, маркетинг өкілдік демократияны қамтамасыз етудің жаңа технологиясы болып табылады. Саясатқа маркетингтік көзқараспен қарау саяси процестерге қатысушылар арасындағы жаңа құндылықтарға негізделген өзара қатынастарды реттейді.

Классикалық маркетингте нарықтық қатынастардағы тұтынушылардың тауар мен қызмет көрсету түрлеріне қажеттіліктері айқындалады. Саяси маркетингте саяси нарық субъектілері мен объектілері қажеттіліктерінің көрінісі ретінде қоғамдық пікірдің қалыптасуы зерттеледі. Саяси өнім ретінде экономикалық, әлеуметтік-саяси, идеялар, бағдарламалар, мемлекеттік саясат, түрлі денгейдегі ұғымдардың имиджі қарастырылады.

Саяси маркетингтің теориялық-әдістемелік негізін қалыптастырудың келесі пәнаралық кешендер маңызды рөл атқарады: саяси ғылымдар кешені (жалпы саясаттану, қолданбалы теориялар, саяси зерттеулер әдістері); байланыстарды зерттейтін пәндер кешені (тұлғааралық, бұқаралық және т.б.); маркетинг (жалпы теориясы, салалық теориялар, зерттеу әдістері жүйесі, технологиялар жүйесі); менеджмент мәселелерін зерттейтін ғылымдар кешені; психологиялық пәндер кешені (әлеуметтік психология, когнитивтік психология және т.б.); әлеуметтану (теориялық, қолданбалы); семиотика (жалпы семиотика, аныздар семиотикасы, билік семиотикасы және т.б.); лингвистика (әлеуметтік лингвистика, саяси лингвистика).

Зерттеу тақырыбына байланысты жазылған ғылыми әдебиеттерге шолу жасасақ. Батыс зерттеушілері арасында саяси маркетингтің теориялық-әдістемелік өзігін қалыптастыруды М. Бонгран, Ф. Котлер, Д. Линдон, А. Локк, Г. Маузер, Б. Ньюман, Д. Ринг, А. Рэнни, А. Сэкман, Д. Фаррель, П. Харрис еңбектері маңызды рөл атқарады.

Саяси қызмет көрсету саласындағы нарықтық әдістің іргесін американдық экономист К. Эрроу (K. Arrow) [1] қалады. Ол өз еңбегінде индивидтің тұлғалық құндылықтарын нарық жүйесінде қолдану идеясын ұсынды. Ф. Котлер (P. Kotler) және С.Дж. Леви (S.J. Levy) [2] зерттеулерінде маркетинг ұғымын әлеуметтік және саяси санаға тарату қажеттіліктері баяндалды. Нәтижесінде бұл ұсыныс маркетинг теориясы мен тәжірибесінде ұstemдігін танытты [3]. С. Хеннеберг саяси маркетинг ұғымын өзірлеу және жүйелеуге көп еңбек сінірді. Оның Н.Дж. О'Шоннесимен (Nicholas J. O'Shaughnessy) бірлескен еңбегінде саяси маркетингтің американдағы саяси ғылымдардағы негізгі жетістіктері баяндалады [4].

*Батыстық зерттеушілер арасында Д.П. Баннон (D.P. Bannon) [5] Б.Р. Гордон (B.R. Gordon), М.Дж. Ловетт (M.J. Lovett), Р. Шахар (R. Shachar), К. Арцино (K. Arceneaux), С. Мурти (S. Moorthy), М. Перес (M. Peres), А. Рао (A. Rao), С. Сен (S. Sen), Д. Соберман (D. Soberman), О. Урминский (O. Urminsky) [6], Дж. Лис-Маршмент (J. Lees-Marshment) [7], Р.П. Ормрод (R.P. Ormrod) [8], Э. Саутед (E. Sautedé) [9], М. Скаммел (M. Scammell) [10] еңбектерінің теориялық маңызы жөндары.*

Көрші ресейлік авторлар қатарынан А.Ю. Волчков, Н.А. Рокотянская [11], А.М. Гугнин, Г. Осташ, А.В. Разин [12], Ф.Н. Ильясов [13], М.М. Кисляков [14], П.А. Ксенз [15], Е.Г. Морозова [16], И. Недяк [17] сынды т.б. ғалымдар еңбектерін ерекше атап өтуімізге болады.

Отандық зерттеулер арасынан саяси маркетингке байланысты еңбектерді Р.Б. Әбсаттаров [18], С.Ж. Досanova [19], С.И. Манапова [20], Ф. Марданов [21], М.М. Мұхтаров [22] т.б. ғалымдар арнады.

**Әдіснама.** Саяси ғылымдардың теориялық зерттеулері, жүйелік тәсіл, салыстырмалы талдау, контент-талдау мен жиынтықтау әдістері зерттеудің әдістемелік негізі болып табылады. Зерттеу жұмысының эмпирикалық қорын шет елдік және отандық ғалымдардың саяси маркетингті зерттеу мәселесіне байланысты еңбектер құрайды.

**Нәтижелер мен талқылау.** Зерттеу нысанының терминологиялық және түсініктік аппаратына назар аударалық. Мәселен, Ф. Котлер (F. Kotler) және С. Леви (S. Levi) саяси маркетингтің маңсызы ретінде қоғамдық-саяси және діни ұйымдар, мемлекеттік мекемелердің мұқтаждықтары мен ұсыныстарын қанағаттандыру деп санайды [23].

Американдық экономист әрі саясаттанушы Г. Маузер саяси маркетингті «бұқара санаына әсер ету технологиясы» ретінде қарастырады және ықпал жасаудың екі негізгі түрін көрсетеді: адамдардың мінез-құлқын өзгертуді маңсат тұтатын «уағызышыл байланыс» (мысалы: жарнама); тауарлар мен қызмет түрлерін сатушылардың тұтынушылар мінез-құлқы үлгілеріне икемдейтін «бейімделген ұсыныстар» (тауарды женіл табуға болатын аймақта орналастыру) [24].

Д. Линдон саяси маркетингке келесі анықтама береді: «... – бұл саяси ұйымдар мен көпшілік биліктің міндеттері мен бағдарламаларын айқындаپ, азаматтар мінез-құлқына ықпал етуге қолданатын теориялар мен әдістер жиынтығы [25]. Сонымен қатар, ол электоралдық маркетингті саяси маркетинг белімі ретінде қарастырады.

Ресей саяси технологии Ф.Н. Ильясов саяси маркетингты жүзеге асыруға түрлі сала өкілдері қатысатын ерекше әлеуметтік технология деп атап көрсетеді. Олардың қатарына саяси кеңесшілер, саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, психологиялар, жарнамашылар, қоғаммен байланыс мамандары, журналистер, копирайтерлер, креаторлар, режиссерлер, операторлар, суретке түсірушілер, суретшілер, дизайнерлер, сахналық шеберлік, әртістікке бейім мамандар жатады [13, 10-11 бб.].

А.Е. Спасский саяси маркетингтің орталық нысандары саяси айырбас, саудаластық, таңдау, жылжыту және басқару қатынастарын биліктің өзегі деп есептейді. Билікті иелену және бөлу процесіндегі саяси өнімді жылжыту, тарату және айырбастау қатынастарын саяси маркетингтің пәні ретінде атайды [26].

Украиндық ғалымдар саяси маркетингті «білік нарығында жинақталған акпаратты зерттеуге негізделген кешенді әдістер, құралдар, технологияларды пайдалану арқылы саяси нарықты реттейтін тұжырымдама, арнайы теория; қоғамдық санаға ықпал жасауды жобалау мен реттедің саяси-инженерлік қызметі; саяси қызмет міндеттері процесіндегі арнайы дайындалған маркетингтік шараларды жүзеге асыру» [27], - деп айқындаиды.

Тақырып бойынша талдауларға сәйкес, классикалық және саяси маркетингтің кешенді зерттеулері алты кезеңдерден тұрады:

- саяси нарық, оның ішінде, саяси тауар, тұтынушылар, саяси өнімді өндірушілер өлшемдерін, ортасын зерттеу, жарнама мен пиар тиімділігін айқындау;
- саяси акпарат (тек қоғамдық пікірді анықтау жолымен алынған нәтижелер емес) жиынтықталатын саяси маркетингтік акпараттар жүйесі қызметін құру және қамтамасыз ету;
- саяси нарық ахуалын бағалау және оның дамуын болқау;
- саяси-инженерлік қызмет – саяси қызметті жүзеге асыруға бағытталған түрлі бағдарламалар, жобалар, технологиялар әзірлеу;
- саяси пиар, саяси жарнама әдістерін, саяси тауарды жылжыту технологиялары секілді саяси маркетингтік байланыстарды пайдалану;
- саяси өнімді жылжыту бойынша барлық шараларды жоспарлау және бақылау, саяси маркетингты басқару [27, 20-21 бб.].

Көптеген ғылыми зерттеулерде саяси маркетинг қағидаларының сайлау науқанын ұйымдастырумен байланыстырган еңбектер жетерлік. Дегенмен, оның қағидаларының қызметі қазіргі заманғы қоғамның барлық саяси үдерістерінде жүзеге асырылады: кез келген саяси науқан үйимдастыру; саяси үгіт-насихат жүргізу, саясаткерлер имиджі және саяси партиялар брендтерімен жұмыс жасау; барлық бұқаралық акпарат құралдарының тілді қызметін қамтамасыз ету; саяси арнайы оқығаларды әзірлеу және үйимдастыру, саяси имиджмейкинг.

**Саяси науқан** - бұл қоғамдағы билік құрылымын өзгерту, саяси өкілділіктерді қайта бөлу, билік органдарын қалыптастыру, ұлттық басымдықтарға жету секілді маңсаттарға арналған қимылдар жүйесі. Саяси науқан ұжымдық қимылдардың жүйесі болғандықтан ұсынылған мәселені қолдаушылар саны көп болуы тиіс. Қоғам мүшелерінің қолдауы азаматтардың өз міндеттерін орындау тұрақтылығынан көрінеді. Саяси науқан тек сайлау науқанында қызу журмеуі қажет, ол қоғамдық өмірде жанама түрде халық назарын аудартпай жүзеге асқанын дұрыс санаймыз.

Қоғамдық өмірдегі құндылықтарды науқанышылдықпен насиҳаттауға да болмайды. Технологияларды халық сұранысына қарай жүргізіп, беріліп отырған мәселенің кұрамдас бөлігін түсіндіру арқылы жанама ықпал ету тұстарына ерекше мән берілуі қажет. Бұл тұста, мемлекеттік бағдарламаларды халық санасында қалыптастырудың кезеңдік сәттерін маркетингтік әдістерді қолданумен айқындалғаны тиімділігін көрсетеді.

*Саясаткерлер имиджі мен саяси партиялар брендтерімен жұмыс жасау барысында саяси үгіт-насиҳаттың жарнама, пиар технологиялары пайдаланылады. Саясаткерлер мен саяси партиялар өз имиджімен тек сайлау науқандарында айналысатындықтары баршамызға мәлім. Дегенмен, саясатта өз құндылықтарын халық санасында қалыптастырып, өз орнын сақтап қалу үшін үнемі имиджбен айналысу қажет.*

Өз бейнесін халық арасында таратуда жанама әдістерге ерекше мән беру керек. Бұқаралық ақпарат құралдарында үзбей жағымды ері мазмұнды деректерге толы мәліметтер ұсынылуына басымдықтар берілгенін дұрыс көреміз. Тұрлі деңгейдегі іс-шараларға, конференциялар мен дөңгелек үстелдерге, пікірталастар мен пікір алмасу алаңдарына қатысып, өз ұстанымдарын көрсетіп отыру танымалдылықты арттырады. Бұқара халық шаршаған саяси акциялардан бастартып, сұранысқа сай жаңаша үлгідегі шараларға талдау жүргізіп отыру қажет.

Бүгінгі заманың негізгі көрсеткіші ретінде ақпараттық саланың нық дамуы саналады. Заманауи ақпарат технологияларының күнделікті бір қалыпта тұрмай өзгеруі адамзат санасына ықпал жасауда. Сондықтан адамзаттың эволюциялық дамуын жаңа технологияларды қоғам мүшелерінің игеруі тұрғысынан қарастыруға болады. Адамзатты киберәлеуметтендіру үдерісі қалыптасып, әлемдік өркениет тарихында Жер планетасы тұрғындарын біз байқай бермейтін жаңа әлеуметтік- психологиялық, саяси-философиялық құндылықтарды сіндірудің алғы- шарттары жүзеге асып жатыр. Адам қарым-қатынас мәдениетінің өкілі болғандықтан кез келген ақпараттық құрылғыға тәуелділігінен арыла алмайды. Өз заманында радио мен теледидар өркениет тарихында бір сілкініс тудырса, бүгінгі таңдағы Интернет және оны пайдаланудың тұрлі мүмкіндіктері толықтай электронды бағыныштылыққа апарды [28].

Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарындағы, интернет, әсіресе әлеуметтік желілердегі маркетинг назардан тыс қалмаганы жөн. Елімізде бұл олқылықтардың бар екендігі соғы оқигалар көрсетіп отыр. Билік әлеуметтік желілердің қоғамдағы орнын білгенімен, бақылауға қауқарсыздығын танытты. Осы себептерге байланысты 2016 жылы жаңа Ақпарат және коммуникациялар министрлігі құрылды [29].

Саяси маркетингте *арнайы оқигаларды әзірлеу және ұйымдастыру* үшін терен зерттеулер жүргізіледі. Мұндай шаралар ұйымдастырушылардың басты қателігі - арнайы оқиғаның мерекелік даталармен тұспа-тұс келуінде деген пікірдеміз. Мәселен, соғыс ардагерлеріне Женіс күні, әйелдер қауымына Халықаралық әйелдер күнінде, сала мамандарының үздіктеріне қоса мәрекелерде мән беріледі. Бұл стеротиптен арылып, олардың қоғамға қажеттілігін күнделікті назардан тыс шығармағанымыз жөн.

Бүгінде аз қамтамасыз етілген жандарға да мән беріліп, тұрлі деңгейдегі акциялар ұйымдастырылып жатқандығын байқаймыз. Бұл іс-шаралар материалдық және экономикалық көмек берумен шектеледі. Садақа секілді өткізілетін шара ұйымдастырмас бұрын, олардың алдағы уақытта мемлекеттік көмекке мұқтаждығын қайтадан тудырmas үшін табуға ұмтылдыратын мүмкіндіктер жағын қарастырған жөн деп ойлаймыз.

Саяси нарықтағы өзара байланыстардың негізі болып саяси имидж саналады. Ол саяси тауардың нақтыланған бейнесін жасайды және оның ақпараттық кеңістіктегі мызғымастығын қамтамасыз етуге тырысады. Фалымдардың басым бөлігі *имиджді* саяси-психологияның категориясы деп қарастыра келе, оның ажырамас екі бөлігін көрсетеді: коммуникативтік-акпараттық және әлеуметтік-психологиялық [30]. Осы қағидаларға сәйкес, саяси имиджмейкинг атальмыш теорияларға сүйенеді.

Кез келген бейнені жасау орын алпы жатқан саяси үдеріс жағдайымен ұштасуы керек. Бұл дағдарыстық жағдайлар орын алғанда қынға соғуы мүмкін. Имидж жасалатын тұлға халық арасында сенімділік иеленуі үшін ақпаратты кім тарататындығы, оның таралуы мерзімі мен қолданылатын ресурстарды айқындалап алған жөн. Саяс имаркетингтегі сәтті имиджді жасаудың негізгі шарттары мына себептермен тығыз байланысты: азаматтың жеке сипаттамалық белгілері

(жынысы, қызметі, мінезі, әлеуметтік жағдайы); саяси қызметі; оны қолдаудың техникалық құралдары (теледидар, Интергет)

Жоғарыда аталып өткен саяси маркетинг қағидалары сала мамандарының қызу жұмыс жүргізгенін қалайды. Маркетингтік зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында саяси ғылымдардың қолданбалы әдістерін пайдалану өз тиімді нәтижесін береді.

Такырып бойынша жазылған ғылыми еңбектерді саралай отырып, саяси маркетинг әдістерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жәйттерге мөн берілгенін дұрыс санаймыз:

- саяси нарық ахуалы мен өзгерістерін болқау. Саяси нарықты қолдаушылар мен қарсыластарды анықтау. Тұтынушылар басымдық беретін және немісдіктерге қарайтын мәселелерге назар аудару;

- тұрғындардың әлеуметтік-демографиялық, психологиялық, антропологиялық сипаттамалық белгілеріне қарай тұтынушыларды сыныптау. Халық пен билік арасындағы кері байланыс, диалог, келіссөздер барысын тұрақты түрде талқыға салу;

- ұсынылып отырган тауардың маңызды белгілерін айқындау. Саяси өнім маңыздылығы мен ерекшеліктерін бақылау, тұтынушылар талаптарын ескеру;

- тауарды бекіту және мақсатты аудиторияны айқындау. Түрлі тұтынушылардың қажеттіліктеріне әзірленген партиялар мен саясаткерлердің саяси бағдарламаларын бағалау;

- әзірленген жобаның тиімділігін және болжамдық ұсыныстарды бақылау.

**Корытынды.** Ғылыми мақалада қоғамның жаңғыртылуы мен дамуындағы саяси маркетингтің негізгі қызметтері айқындалды. Саяси маркетинг түсінігі қоғамдық даму стратегиясы, саяси теория және технологияларды біріктіруші ұғым ретінде қабылданды.

Корыта айтқанда, саяси нарықта тауар ретінде саясаткер емес, саяси қызмет ұсынылатынын ұмытпағанымыз азсал. Саясаткер қоғам және оның институттарына саяси қызмет көрсетеді. Ол нақты әлеуметтік топ, саяси нарық өкілдерінің саяси мұддесін қорғайды, саяси шешімдерді әзірлеу, қабылдау және жүзеге асыру үдерістеріне қатысады, мемлекет, саяси партиялар, билік институттарының бейнесін жасауға жәрдемдеседі.

Саяси қызмет көрсету нарығында маркетинг мәдениетін жетілдіру қажет деп ойлаймыз. Мемлекеттің маркетинг саясатының негізгі міндеттері қатарына саяси ақпараттың қолжетімділігі, оның ашықтығы, нарықтағы ахуалды үнемі бақылау, саяси қызмет көрсету нарығындағы азаматтардың талаптарын анықтау жатады. Саяси брендтерді қалыптастыру және дамыту саяси маркетингтің маңызды әрі өзекті міндеті болып табылады.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Arrow K. Social choice and individual values. - Yale University Press, 1963. - 124 p.
- [2] Kotler P., Levy S.J. Broadening the concept of marketing // Journal of Marketing. - 1969. - №33. - pp. 10-15.
- [3] Albrecht K., Zemke R. Service America! - N.Y.: Warner Books, 1990. - pp. 6-7.
- [4] O'Shaughnessy N.J., Henneberg S. The Idea of Political Marketing. - Greenwood Publishing Group, 2002. - 258 p.
- [5] Bannon D.P. Relationship Marketing and the Political Process // Journal of Political Marketing. - 2005. - №4(2). - pp. 85-102.
- [6] Gordon B.R., Lovett M.J., Shachar R., Arceneaux K., Moorthy S., Peres M., Rao A., Sen S., Soberman D., Urminsky O. Marketing and politics: Models, behavior, and policy implications // Marketing Letters. - 2012. - Vol. 23, No. 2, Special Issue on the 8th Triennial Invitational Choice Symposium: Key Largo, 2010. - pp. 391-403.
- [7] Lees-Marshment J. The Political Marketing Revolution: Transforming the Government of the UK. - Manchester University Press, 2004. - 244 p.
- [8] Ormrod R.P. Defining Political Marketing. - Management Working Papers. - Aarhus University, 2012-02. - 18 p.
- [9] Sautedé E. Political Marketing in Latest Style // China Perspectives. - 1999. - No. 21. - pp. 38-41.
- [10] Scammell M. Political Marketing: Lessons for Political Science // Political Studies. - 1999. - Volume 47, Issue 4. - pp. 718-739.
- [11] Волчков А.Ю., Рокотянская Н.А. Политический маркетинг: политическо-социологический аспект. - Магадан: Ноосфера, 2012. - 218 с.
- [12] Гугнин А.М., Осташ Г., Разин А.В. Политический маркетинг и его инструменты. - М., 2015. - 116 с.
- [13] Ильясов Ф.Н. Политический маркетинг. Искусство и наука побеждать на выборах. - М.: ИМА-ПРЕСС, 2000. - 200 с.
- [14] Кисляков М.М. Региональный политический маркетинг как объект политических исследований // Вестник Кемеровского государственного университета. - 2015. - №2. - Т. 2. - С. 60-63.
- [15] Ксенз П.А. Развитие политического маркетинга: теория и практика // Теория и практика общественного развития. - 2015. - №6. - С. 95-97.

- [16] Морозова Е.Г. Политический рынок и политический маркетинг: концепции, модели, технологии. - М.: РОССПЭН, 1998. - 247 с.
- [17] Недяк И. Политический маркетинг. Основы теории. - М.: Весь мир, 2008. - 352 с.
- [18] Әбсаттаров Р.Б. Саяси маркетинг: теориялық талдау // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. - 2011. - №2. - 85-108 бб.
- [19] Досанова С.Ж. Қазақстан Республикасының жаңаруы процесіндегі саяси маркетингтің даму ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. Саясаттану сериясы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. - 2005. - № 2. - 103-106 бб.
- [20] Манапова С.И. Саяси маркетинг және саяси жарнама // Қазақстан мемлекеттілігінің рухани-мәдени негіздері атты республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы. - Алматы, 2012. - 260-262 бб.
- [21] Марданов Ф. Политический маркетинг в избирательном процессе // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия социологические и политические науки. - 2010. - № 2. - С. 79-84.
- [22] Мухтаров М.М. Политический маркетинг: концепция и технология // Высшая Школа Казахстана. - 2014. - № 1. - С. 90-93.
- [23] Котлер Ф., Леви С. Расширение концепции маркетинга // Классика маркетинга. - СПб.: Питер, 2001. - С. 63-74.
- [24] Маузер Г. Современная буржуазная политическая наука. - М.: РАГС, 1979. - 251 с.
- [25] Lindon D. Marketing politique et social. - Р.: Dalloz, 1976. - Р. 8.
- [26] Спасский А.Е. Политический маркетинг как научная и учебная дисциплина // Политическая наука и государственная власть в Российской Федерации и Новых Независимых Государствах. - Екатеринбург: УрО РАН, 2004. - С. 471-478.
- [27] Політичний маркетинг: сутність, функції, проблеми використання / За ред. В.А. Полторака. – Дніпропетровськ, 2010. – С. 19.
- [28] Насимов М.Ә. Интернет кеңістігіндегі киберәлеуметтендірудің өзекті мәселелері // Әл-Фараби. - 2016. - №1 (53). - 104-117 бб.
- [29] Назарбаев поручил создать Министерство информации и коммуникаций. [Online] URL: <https://www.zakon.kz/4791573-nazarbaev-poruchil-sozdat-ministerstvo.html> (May 5, 2016).
- [30] Перельгина Е.Б. Психология имиджа. - М., 2002. - С. 22.

#### REFERENCES

- [1] Arrow K. Social choice and individual values. Yale University Press, **1963**. 124 p. (in Eng.).
- [2] Kotler P., Levy S.J. Broadening the concept of marketing. *Journal of Marketing*, **1969**, 33, 10-15 (in Eng.).
- [3] Albrecht K., Zemke R. Service America! N.Y.: Warner Books, **1990**. pp. 6-7. (in Eng.).
- [4] O'Shaughnessy N.J., Henneberg S. The Idea of Political Marketing. Greenwood Publishing Group, **2002**. 258 p. (in Eng.).
- [5] Bannon D.P. Relationship Marketing and the Political Process. *Journal of Political Marketing*, **2005**, 4, 85-102 (in Eng.).
- [6] Gordon B.R., Lovett M.J., Shachar R., Arceneaux K., Moorthy S., Peres M., Rao A., Sen S., Soberman D., Urminsky O. Marketing and politics: Models, behavior, and policy implications. *Marketing Letters*, **2012**, 23, Special Issue on the 8th Triennial Invitational Choice Symposium: Key Largo, 2010. 391-403 (in Eng.).
- [7] Lees-Marshment J. The Political Marketing Revolution: Transforming the Government of the UK. Manchester University Press, **2004**. 244 p. (in Eng.).
- [8] Ormrod R.P. Defining Political Marketing. Management Working Papers. Aarhus University, **2012-02**. 18 p. (in Eng.).
- [9] Sautédé E. Political Marketing in Latest Style. *China Perspectives*, **1999**, 21, 38-41 (in Eng.).
- [10] Scammell M. Political Marketing: Lessons for Political Science. *Political Studies*, **1999**, 47(4), 718-739 (in Eng.).
- [11] Volchkov A.Ju., Rokotjanskaja N.A. Politicheskij marketing: politiko-sociologicheskij aspekt. Magadan: Noosfera, **2012**. 218 p. (in Russ.).
- [12] Gugnin A.M., Ostash G., Razin A.V. Politicheskij marketing i ego instrumenty. M., **2015**. 116 p. (in Russ.).
- [13] Il'jasov F.N. Politicheskij marketing. Iskusstvo i nauka pobezhdat' na vyborah. M.: IMA-PRESS, **2000**. 200 p. (in Russ.).
- [14] Kislyakov M.M. Regional'nyj politicheskij marketing kak obekt politicheskikh issledovanij. *Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta*, **2015**, 2, T. 2. 60-63 (in Russ.).
- [15] Ksenz P.A. Razvitiye politicheskogo marketinga: teoriya i praktika. *Teoriya i praktika obshhestvennogo razvitiya*, **2015**, 6, 95-97 (in Russ.).
- [16] Morozova E.G. Politicheskij rynok i politicheskij marketing: konsepcii, modeli, tehnologii. M.: ROSSPJeN, **1998**. 247 p. (in Russ.).
- [17] Nedjak I. Politicheskij marketing. Osnovy teorii. M.: Ves' mir, **2008**. 352 p. (in Russ.).
- [18] Absattarov R.B. Sajasi marketing: teorijalyk taldau. *Abaj atyndagy Kazah ұлттық педагогикалық университетинін Habarshyсы. Aleumettanu zhane sajasi gylymdar seriyasy*, **2011**, 2, 85-108 (in Kaz.).
- [19] Dosanova S.Zh. Kazahstan Respublikasyny zhanaruy procesindegi sajasi marketingtin damu erekshelikteri. *KazUU habarshyсы. Sajasattanu seriyasy. Filosofija seriyasy. Madeniettanu seriyasy*, **2005**, 2, 103-106 (in Kaz.).
- [20] Manapova S.I. Sajasi marketing zhane sajasi zharmama. *Kazahstan memlekettliginin ruhani-madeni negizderi atty respublikalyk gylymi-teorijalyk konferencijasynyn materialdar zhinagy*. Almaty, **2012**, 260-262 (in Kaz.).
- [21] Mardanov F. Politicheskij marketing v izbiratel'nom processe. *Vestnik KazNPU imeni Abaja. Serija sociologicheskie i politicheskie nauki*, **2010**, 2, 79-84 (in Russ.).
- [22] Muhtarov M.M. Politicheskij marketing: koncepcija i tehnologija. *Vysshaja Shkola Kazahstana*, **2014**, 1, 90-93 (in Russ.).

- [23] Kotler F., Levi S. Rasshirenie koncepcii marketinga. Klassika marketinga. SPb.: Piter, **2001**. 63-74 (in Russ.).
- [24] Mauzer G. Sovremennaja burzhuaznaja politicheskaja nauka. M.: RAGS, **1979**. 251 p. (in Russ.).
- [25] Lindon D. Marketing politique et social. P.: Dalloz, **1976**. 8 (in Fre.).
- [26] Spasskij A.E. Politicheskij marketing kak nauchnaja i uchebnaja disciplina. Politicheskaja nauka i gosudarstvennaja vlast' v Rossijskoj Federacii i Novyh Nezavisimyh Gosudarstvah. Ekaterinburg: UrO RAN, **2004**. 471-478 (in Russ.).
- [27] Politichnij marketing: sutnist', funkci, problemi vikoristannja. Za red. V.A. Poltoraka. Dnipropetrov'sk, **2010**. 19 (in Ukr.).
- [28] Nassimov M.O. Internet kenistigindegi kiberauemettendirudin ozekti maseleleri. *Al-Farabi*, **2016**, 1, 104-117 (in Kaz.).
- [29] Nazarbaev poruchil sozdat' Ministerstvo informacii i kommunikacij. Online. URL: <https://www.zakon.kz/4791573-nazarbaev-poruchil-sozdat-ministerstvo.html> (May 5, **2016**). (in Russ.).
- [30] Perelygina E.B. Psihologija imidzha. M., **2002**. 22 (in Russ.).

**М.О. Насимов**

Университет «Болашак», г. Кызылорда, Казахстан

## **ПОЛИТИЧЕСКИЙ МАРКЕТИНГ: СУЩНОСТЬ И ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ**

**Ключевые слова:** основные принципы политического маркетинга, политический рынок, политический товар, политический имидж, политические технологии.

**Аннотация.** Политическая жизнь современного мира, характеризующаяся быстрым развитием и широким применением политических технологий поставила вопрос об понятийном осмыслении такого рода процессов. Всем известно, политическая деятельность все более становится схожей с предпринимательской. Политическая жизнь современности предполагает применение управлеченческих, маркетинговых, рекламных, информационных технологий, не только в избирательных кампаниях, а также по продвижению государственной политики.

Проблемы маркетинга, его сущности, основных функций и целевых установок начинают активно исследоваться с начала XX века в связи с возрастающей необходимостью изучения рынка, спроса и сбыта товаров и услуг, условий реализации производственных программ, постановки рекламы. В статье политический маркетинг рассматривается как специфический коммуникативный процесс, характеризующийся решением задач утверждения и последующего эффективного функционирования демократических форм правления и методами изучения и реализации условий политического рынка, настроения политических потребителей, степени их готовности поддержать программу действий государственной политики.

Объектом исследования является политический маркетинг. Предметом исследования выступают сущность и основные принципы политического маркетинга. Целью статьи является раскрытие понятия и сущности политического маркетинга и характеристика основных принципов. Автор дает некоторые рекомендации по данной проблеме.